Ближе к полному усилию рейда были направлены на посещение развлекательных и увеселительных заведений для выявления в них работающих в ночное время несовершеннолетних, а также посещающих заведения без сопровождения взрослых. Таких подростков здесь выявлено не было, хотя это не значит, что несовершеннолетних совсем не было на улицах поселка. Небольшие компании смело гуляют по ночным улицам, ища себе приключения. В парке, к примеру, кроме семейных пар с детьми, которых здесь можно встретить довольно часто, на одной из лавочек сидели две восьмиклассницы из КСШ № 2. И это несмотря на то, что время было уже далеко за 11 вечера, видимо дома у этих девочек полная свобода.

Хотелось бы еще раз оговориться, что поведение несовершеннолетних во многом зависит от воспитания родителей, вседозволенности или просто халатного отношения к своим родительским обязанностям. Разве в нормальной семье мама может спать спокойно, когда ее сына - школьника или дочери нет дома? Ну, а если спит мама, значит, свою бдительность должны подключить все остальные заинтересованные органы, чтобы не упустить подростка, который всю свою юношескую энергию может направить не в ту сторону. Именно этот аспект всегда на контроле комиссии по делам несовершеннолетних и защите их прав, ИДН РОВД, отдела образования и т.д.

Наталья ШЕВЧЕНКО

Фотообъектив

В ходе рейдовых мероприятий санпатрулем выявлен вопиющий факт

Автомашина КамАЗ, водитель Шкенов Кайрат, госномер М 239 ХУМ с прицепом выгрузила мусор, который вы видите на снимке, в неустановленном месте, недоезжая свалки, вблизи поселка Киевка.

В настоящее время благодаря оперативному реагированию работников Управления санэпиднадзора нарушитель понес административное наказание. Мусор перегружен и отправлен на свалку. Засоряя окружающую среду, мы наносим непоправимый вред своему здоровью.



Күй-құдірет

1. www.kui.kz.

Ғаламторда www.kui.kz. Сайты ашылды. Оған қазақтың белгілі күйшілерінің күйлері өнген. Сайттың басты мақсаты – халқымыздың баға жетпес қазынасы, ата-баба мұрасы-күйді насихаттау. Сайттан Құрманғазы, Сейтек, Дәулеткерей, Дина, Мәмен, Тәттімбет, Қазанған, Абыл, Әлшекөй, басқа да дәулескер күйшілердің шығармаларын тыңдауға болады. Енді міне, қай күйшінің қандай күйін тыңдаймын десеңіз еркінде. Көз көлген мезгілде ғаламторға шығып, көрсетілген сайттан сүйікті шығармаларыңызды тыңдай аласыз. Бұл – ұлттық музыканы сүйіп тыңдаушылар үшін де, күй үйренем деушілерге де жасалған үлкен мүмкіндік. Бұл – қазақтың күмбір күйін көпшілікке есіресе жастардың санасына жеткізуге көмек жасалған сүйінші хабар.

2. «Тансаңшы – ей, тансаңшы...»

Қасиетті қара домбыраның шанағынан төгілген күмбір күйдің үнінде қазақтың бүкіл болмысы жатыр.

«Баяғыда, - дейді бір аңызда. – Баяғыда бір дәулескер күйші болыпты. Өзі бау-көсле ұры екен. Ол алты айшылық жерден білдіртпей барып, қылқұйрықты табынымен айдап әкеліп, із-түзсіз жоқ қылатын көрінеді. Осылайша ауылын асырапты. Ел жеткізді ме, жел жеткізді ме, күндердің күнінде аса бағалы сөйгіліктері жоғалған алыс жақтың қуғыншылары сау ете түсіп, күйші бау-көслені байлап-матап алып кетіпті. Елдеріне барған соң, жігіттің қолаяғын байлап, жеке-дара тастапты. Күндердің күнінде ел жиылып, үлкендер жағы ұры жігітке кесім жасауды ұйғарысыпты. Бірақ олар жылқыларына нақ осы күйші жігіттің ұрлағанын тап басып біле алмай дағдарса керек. Дәлел жоқ. «Сонда,-дейді аңыз, сонда, сол жат жердегі қарт күйші жиылған елдің алдында қолына домбыра алып, ел естімеген алапат бір сарынды күмбірлетсе керек. Күйді тыңдаған ел өлтіп, тынып қалыпты. Сол сөтте қарт күйші өкі кезін тұтқын жігітке қадап, әлдебір сарынды тарта жөнеліпті. Сарыннан табиғат, мамыржай өмір, су сылдыры, жылқының пысқырыңғаны, дүбірі, ащы ысқырық.. бәрі-бәрі естіліпті. Соның ара-арасында қарт күйші күй қайырымындай әлдебір әуенді қайта-қайта тартса керек. Оны өрине, жас күйші бірден түсініп, қартқа қарап басын ізепті. Одан соң домбыра шанағынан аң ұрған екінші сарын безектеліпті. Сонда өнерпазға жаны ашыған қарттың күй тілімен жігітке: «мыналар жылқыны сенің ұрлағаныңды тап басып біле алмай отыр. Сондықтан тынып кет, танып кет! Ұрлығыңды, жат істеріңді қойып, райыңнан қайт, балам. Өнеріңді әлдиле. Ауыл-аймағыңды өнеріңмен де асырайсың. Төріс жүріс береке бәрмейді. Өнердің киесінен қорққ керек. Әйтпесе, үлкен екіншіке ұрынасың» дегені екен. Өнерінің арқасында күйші жігіт тұтқыннан босап, өліне жетіпті. Еліне жетіп, ұрлығын қойып, жұртын күймен тербетіп, бақытты, барақатты өмір көшіпті» дейді аңызда.

Бала кезде өкем Молдайыптан естіген осы бір аңыз бөң «тансаңшы-ей, тансаңшы» деген қайырымы бар күй санамда қалып қойылды. Шындығында, дүниенің беймағлұм сырынан ада, тап-таза мөлдір көк аспандай себи сана осынау күмбір-күмбір күйді естігенде отбасындағы у-шу ойынды қоя салып, тыңдай қалатынбыз. Өйткені, өкеміз шертетін осы бір күй тарс-тұрс емес, санаңа мөлдір сөулелі нұрды ұйытып, ана мейіріміндей жаныңды шуақты мейірімге бөлеп, әлдилей жөнелетін. Улдеген үнге елтіген бала қиял ғарышты шарлап қайтатын. Керемет!

«Баяғыда, аталарымыздың аталарының көзінде домбыра мен қобыз адамша сөйлеген екен. Ол былай болыпты...» деп тағы бір аңызды бастайтын өкеміз тағы бір күйді безбеулететін.

Міне, күй-құдірет деген осы. Асылы, күйдің қуаныш, қайғы-мұң, шерден басқа тәрбиелік мәні де зор ғой. Өсіресе, ескелең ұрпақты ұлттық рухта тәрбиелеу үшін! Баяғының ұл-қызы күй құдіретін, қасиетін тыңдап, ұғынып өссе, қазіргінің ұл-қызы...

Хош дәлік, оның да жолы бар.

3. Қоңырау үні күй болса...

Қоңырау сылдыры мектеп бітіріп кеткен жас-көрінің бәріне таныс өрі ыстық екені рас. Мектеп, жалпы қайсыбір оқу орнындағы қоңырау үні тәртіпті білдіреді. Сабаттың басталғанын, аяқталғанын қоңырау үні арқылы айырасыз. Айтайық дегеніміз, біздің оқу орындарындағы, өсіресе мектептердегі қоңырау үнін күймен ауыстырса... Таңертең балабақшаларға барған балақайларды да күймен қарсы алып, күймен шығарып салса...

Оқу орындарындағы бес минуттық үзіліс қоңырауына Құрманғазының «Адайы» не «Сарыарқасын» (жылдам күйлер), үлкен үзіліске Нұрғисаның «Көш-көрүен», «Әлқисса» (баяу, толқынды) сынды күй әуендерін ойнатса, қандай ғажап болар еді. Құлақ жара «шар» ете түскен қоңырау үнінен гөрі домбыра шанағынан төгілген ғажайып күй үні әлдеқайда артық қой. Өрі ұл мен қыздың санасына ұлттық музыка да өсер етпей ме?! Егер оқу орындары, балабақшалар қоңырау үнін қазақ күйімен айырбастаса ұтарымыз көп болар еді-ау... Сіз не ойлайсыз, оқырман?

Сая Молдайып

Мектеп өмірі

ПОЭЗИЯ КЕШІ

Поэзия!

Менімен өгіз бе едің?
Мен сені сенесің бе, неге іздедім?
Алауратқан таулардан сені іздедім...
Сені іздедім
Іздеймін тағат бар ма?
Сені маған өгіз ғып жаратқан ба?!

Жыл көруені алға жылжыған сайын М.Мақатаевтың артына қалдырған өшпес мұрасы жарық жұлдыздың қараңғы түн қойнауынан құпия сәулесін шашқандай жарқырай, айшықтала түседі.

Жақында Пржевал ауылдық кітапханасында Мұқағали ақынның шығармашылығына арналған «Поэзия! Менімен өгіз бе едің?» атты оқушылар арасында байқау өтті. Оған Жанерке Самет, Әсем Оразбек, Әйгерім Демешова, Жанаргүл Самет, Жақсылық Мақсат, Қабылбек Мүбәрәк, Тілекберді Адиятұлы, Қабылбек Еркебұлан қатысып, өз ара бақ сынасты.

Талапкерлер Мұқағали ақынның туған жер, махаббат тақырыбындағы лирикалық өлеңдерін оқыды. Сондай-ақ өнерлі ұл-қыздар ақынның өнге айналған «Сенің көзің», «Саржайлау», «Кенеміз» сынды өндерін шырқады.

Байқау барысында талапкерлер ақынның өмірі мен шығармашылығы жайлы сауалдарға жауап берді. Сондай-ақ ауыл көрермендері ақын жайлы бейнетаспаны тамашалады.

Байқау соңынан қатысушыларға жүлделі орындар берілді. Атап айтқанда: 5 сынып оқушысы Мүбәрәк Қабылбекұлы поэзия байқауының бас жүлдесін жеңіп алды. 10 сынып оқушысы Самат Жанерке – 2 орын, 6 сынып оқушысы Тілекберді Адиятұлы 3 орынды иеленді.

Жүлдегерлер мен барлық қатысушыларға Алғыс хаттар мен бағалы сыйлықтар табыс етілді.

Мазмұнды өткен поэзия кешінен көпшілік үлкен нәр алып қайтты.

Г.Бекөева,
кітапханашы

Ажырасу – қазақ ұлтына төнген қатер

Қазір қазақ үшін таңсық нәрсе қалмады. «Жаһандану» деп өзгенің жақсынын да, жаманын да бірдей жұтып жатырмыз. Тіпті, ақ пен қараны ажыратуға шама жоқ. Өз-өзіне қол жұмсау, маскүнемдік, нашақорлық, тонау, бірін-бірі өлтіру, ажырасу... Иә, бұның бәрі біз өмір сүріп отырған қоғамға тән дүниелер.

Жалпы, ажырасу туралы айтпастан бұрын ұлт тарихына көз жүгіртіп алсақ. Біз ешқашан жесірін қаңғытпаған, жетімін жылатпаған халықпыз. Содан болар, қазақ келіндерінің санасында көрпе – төсегін жинап теркініне көту дәй-тін ой мүлдем болмайтын. Босаға аттанған күннең бастап өмірінің соңына дейін сол шаңырақтың түтінің түтетіп, отын өшірмейтін.

Ал, бүгінгі күні естейтініміз «Пөлөншенің қызы қайтып келіпті» немесе «баласы ажырасыпты». Әйтсе де, мұндай келеңсіздіктерге аса мән бермей, күнделікті құбылыс ретінде қарап жүрміз. Өйткені, қазір ажырасуды өңгіме ету сәннен көткен. Себебі де түсінікті. «Көп қайнаған сорпаның дәмі көтер» демекші, ажырасудың да қоғамда жиілеп кетуіне байланысты оған назар аудармайтын болдық.

Сөз жоқ, ажырасудың ең басты себебі – имансыздықта. Дін мен ділдің тұрмыстан – тыс қалуында. «Отан-отбасынаң басталады» дейді қазақ. Ал сол отбасының діңгегі-дін мен діл, ұлттық өре мен рух. Алайда, қазіргі қазақ отбасыларында ондай қасиеттер азайып барады. Тіпті, кейбіреуінде жоқтың қасы. Соның салдарынан бүгінде кей ата-ана қыздарың адал жар, аяулы ана, ибалы келін болуға емес, көсіпкер, шенеунік болуға тәрбиеленіп, байлыққа жетудің жолдарың үйреткенді оң көреді. Кейін әлгідей тәлім алған қыз бала билікке ұмытылып, дүниеге құмартары айдан анық. Ондай нәзікжандылар үшін ана атану, сүйікті болу екінші кезектегі шаруа. Күйеуге тиген күннің өзінде жарына сөзің өткізіп отбасын өзі билеуге ұмтылады. Ал ері айтқанына кенбесе, олар үшін ажыраса салу түк емес.

Негізгі ажырасқандар өртүрлі себептерді алға тартып жатады. Солардың ішінде көп кездесетіні мінездерінің жараспауы, көзге шөп салу және ішімдіктің салдары екен. Сондай-ақ, перзенттің болмауы діни кезқарастың сөйкеспей, тұрмыс тауқыметі, еріксіз үйлену және өне мен келіннің тіл табыспауы да жұбайлар арасына өз салқының тигізіп отыр.

Жалпы, өне мен келіннің жараспауы ұлтымыз үшін ұят саналатын, дініміз үшін құпталмайтын қылық. Өйткені, бұрынғы апаларымыз келіндерін қыздарындай көріп, білмегені болса, үйретіп, сол әулеттің болашақ отанасы қылып тәрбиелейтін еді. Соған сай келін де өнесіне ілтипат көрсетіп, алдын орамайтын. Демек, бүгінгі күндегі өне тырнақ астынан кір іздемей, келіннің еркелігін кешіріп, бір сөз өзінің келін болып келген кезін есіне түсіріп, баласы және әулет абыройы үшін жас шаңыраққа мейлінше қолдау білдірсе, саналы ұлт, салықалы ұрпақ қалыптасуына айтарлықтай үлес қосқан болар еді. Сол кезде келін де бар жасауын жинап, «төріңге кетем» деуін доғарары хақ.

Сонғы кездері өрлі-зайыптының арасына түсіп, ажырасуға апаратын тағы бір тың себеп пайда болды. Ол-интернет. Өйткені, қазір ғаламторда жедел хабарлама арқылы сөйлесетін бірнеше қызмет түрлері бар. Соның ішінде-орыстың мэйл.ру агент қызметі. Бүгінде агент дейтін әлекті пайдаланбайтын қазақ жоқ десек, артық айтқандық емес. Қызмет бабымен немесе шұғыл жағдайда пайдаланса бір жөн. Алтын уақытың өлтіріп, түн ортасында да компьютер мен ұялы телефонға шұқшып отыратындар бар. Агенттің зияны сол, ол жерде біреумен танысу, достасу оп-оңай. Суретің мен өзің туралы деректі енгізуде де еш қиындық жоқ. Агентке еш себепсіз қосылып, өзіне дос іздейтіндердің ішінде балашағалы жандар да бар. Бірақ, «күйеуім немесе әйелім бар-ау» деп қысылып жатқан ешкімді көрмейсің. Бір қызығы, интернеттен өздеріне нақсүйер тауып алатындар да бар. Ондайлар виртуалды сүйіктісімен көздеспесе де, өзінің жарын ұмытып, оған назар аудармай қоятын көрінеді.

Ажырасудың болдырмайтын себептердің ең бастысы - әйелдің үйде отыруы. Егер осы жағдай орын алса, қоғам үшін пайдалы.

Егер ұрпақ қамын ойласақ, қазірден бастап ажырасудың алдын алғанымыз дұрыс. Себебі ел іргесіне сызат түсіретін бұл әрекеттің зияны шаш-өтекпен. Ең бірінші баланы өкесіз яки анасыз қалдырады. Ал өкө-шөшөміз ескен жас ұрпақ көйін ұлттың, қоғамның алға жылжуына қос болып, қарсы әрекетке бармасына ешкім көліл болмайды. Сонымен қатар ажырасқан көп әйелдер жүйкелері сыр беріп, жөңіл жүріске салынып кетуі де ғажап емес.

Міне, бұл ажырасудан келетін апат! Ажырасуға бүкіл халық болып қарсы тұру керек. Қажет болса, билік ажырасқандарға салық немесе айыппұл салғанның да еш артықтығы жоқ.

Назгүл Құсайынова.

Өнеге

ӨКЕНІҢ ЕСТЕН КЕТПЕС БЕЛЕСІ

Биыл Ұлы соғысындағы Жеңіске 66 жыл толды. Уақыт алыстаған сайын соғыс жаңғырығы жақындай бөрмек. Менің өкем Сәби Қанафин – еліміз басынын кешкен небір тарихи оқиғалардың куәгері болды, Ұлы Отан соғысына қатысты.

Иә, өкемнің өмірден көрген-түйгені мол болды, соның барлығы бізге, балаларына айтып отыратын. Ол бала жасынан колхозда еңбек еткен екен. Қол шалғымен шөп шауып, мал бағып, сол уақыттағы ауыл шаруашылық жұмысына бөлсең араласты. «Сонау ашаршылық жылдарында бала да болсам бәрі есімде, - дейтін өкем, - ата-анасының қиыншылықта өткен кезін есіне алып.- Жаңаарқа ауданынан аш-жаңалаш адамдар тамақ іздеп, үй-күйін тастап босып, шөптің тамырын, тіпті тышқан аулап, жегенін көрдік». Одан кейінгі сталиндік озбыр саясат та елге оңай тимеді. Нөбір білімді, ақылды адамдарды «Социализм жауы», «Халық жауы» деген жалған жаламен айдады, асты, атты, өлтірді.

«Солардың арасында Сәйділ Омарұлы Талжанов - жігіттің төресі болатын, айтылмай, шөртілмей қалған қаншама ұшқыр ойлары бар еді, амал не, саясаттың құрбаны болды» дейтін өкем.

Өкем соғыстың алдында 4 кластық біліммен сол кездегі Ворошилов колхозында есепші, одан кейін Қобыкел ауылында май зауытының меңгерушісі болып еңбек етіпті. 1942 жылы өскер қатарына шақырылған екен. Брест қаласын жаудан азат етуге қатысады, 1943 жылы тамыз айында жарақаттанып, үш айдан соң елге оралыпты. Бір қолынан кем болып, мүгедектікке шыққан өкем денсаулығының нашарлығына қарамай бірден еңбекке араласады. Қой фермасын басқарады, кейін дүкенші болады. 1947 жылдан 1952 жылға дейін Ақмешіт ауылына келіп, осы ісін жалғастырады. 1953-1985 жылдар аралығында

Ақмешіт ауылында бидай қоймасының бастығы болды. Кейін зейнеткерлікке шықса да еңбектен қол үзбеді, кеңшарға көмектесті. Бір сөзбен айтқанда 85 жасқа жеткенге дейін ауылға еңбек сіңірді. Өкінішке орай, ол Ұлы Жеңістің 65 жылдығын көре алмады. Бірақ, өкеміздің көзің көрген замандастары, соғыс ардагерлері – Нығман Әршекенов, Зікірия, Жолмақан Айдарханов, Әлихан Нығметов, Дина Қанафина, Қайып Шайменов, Ыбырайым Әбенев, Өмірқожа Намысов сынды аталарды көргенде өкемізді көргендей боламыз.

Өкеміз Сәби мен анамыз Қамар 12 бала тәрбиелеп өсіріп, ұлын ұяға, қызын қияға қондырды. Қамар анамыз байыпты, кеңпейілді жан болатын. Ол отыз жылдан астам уақыт сауыншы болып еңбек етті.

Иә, мөуелі бәйтеректей болған өке мен ана жолы, олардың тәлімі мен тәрбиесі біздерге, біздің балаларымызға өнеге болып қала бөрмек.

Ақмарал Сәбиқызы

«Тұрғылықты жерінен мекен-жай анықтамасын беру»

«Тұрғылықты жерінен мекен-жай анықтамаларын беру» мемлекеттік қызмет Қазақстан Республикасының жеке және заңды тұлғаларына, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға көрсетіледі.

Мемлекеттік қызметті облыстардың, Астана және Алматы қалалары ішкі істер департаменттерінің құрылымдық бөлімшелері – мекен-жай бюросы, сондай-ақ баламалы негізде халыққа қызмет көрсету орталықтары көрсетеді.

Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.

Мемлекеттік қызмет көрсету: орталыққа жүгінген кезде: жексенбі және мереке күндерін қоспағанда, белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес аптасына алты күн, түскі үзіліссіз сағат 9.00-ден 19.00-ге дейін.

Мемлекеттік қызметті алу үшін тұтынушылар: өтініш; жеке тұлғалар-жеке басын куәландыратын құжаттың түпнұсқасы мен көшірмесін; заңды тұлғалар-сұрау жіберуші бөлімше басшысы (қызметкері) қол қойған және заңды тұлғаның кеңсесінде тіркелген жазбаша сұрауларды; мекен-жай анықтамасын үшінші адамға беру үшін жеке немесе заңды тұлғаның нотариалды куәландырылған келісімін ұсынады.

Заңды тұлғалардың жазбаша сұраулары бойынша бір тұлғаға мекен-жай анықтамалары тұтынушыға қайтарылатын сұраудың артқы бетіне мөртабан қою және топтыру арқылы беріледі. Тізім түскен кезде мекен-жай анықтамалары тіркелгені немесе тіркеуден шыққаны туралы мәліметтер бар адамдарға қатысты ғана толтырылады, қалған адамдардың тегінің тұсына «тіркелмеген» деген белгі қойылады және қоса берілген анықтамалармен бірге тізім адресатқа қайтарылады.

Тұтынушы жоғарыда көрсетілген құжаттарды ұсынбаған жағдайда, орталық мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартады. Егер тұтынушы құжаттарды алу үшін мерзімінде келмеген жағдайда, Орталық оларды 1 ай мерзімде сақтауды қамтамасыз етеді, содан кейін оларды уәкілетті органға тапсырады.

Информирует ЦОН

«Государственная регистрация маломерных судов»

Государственная услуга осуществляется на основании статьи 26 Закона Республики Казахстан «О внутреннем водном транспорте», постановления Правительства Республики Казахстан от 17 января 2003 года № 49 «Об утверждении Правил государственной регистрации судов и прав на них»

Государственная услуга оказывается территориальными органами Комитета транспортного контроля Министерства транспорта и коммуникаций Республики Казахстан, а также через центры обслуживания населения на альтернативной основе.

Формой завершения государственной услуги является выдача судового билета.

Государственная услуга оказывается физическим и юридическим лицам, зарегистрированным в Республике Казахстан, а также иностранным юридическим лицам, иностранным гражданам, лицам без гражданства и международным организациям, на основе доверительного управления выданным юридическим и физическим лицам Республики Казахстан по месту их регистрации.

Срок оформления документов тридцать календарных дней со дня поступления необходимых документов в регистрирующий орган.

Государственная услуга является платной: Для самоходных маломерных судов мощностью свыше 50 лошадиных сил (37 кВт) – трехкратный месячный расчетный показатель, действующий на день уплаты сборов;

2) самоходных маломерных судов мощностью до 50 лошадиных сил (37 кВт) – двухкратный месячный расчетный показатель, действующий на день уплаты сборов;

3) несамоходных маломерных судов – полукратный месячный расчетный показатель, действующий на день уплаты сбора.

Для получения государственной услуги потребитель представляет:

- 1) письменное заявление; 2) документ, подтверждающий получение или приобретение маломерного суда либо материалов, если судно построено своими силами (счета, товарные чеки магазинов, справки на материалы, договоры купли-продажи, акты дарения, свидетельства о наследовании, решение суда и другое); 3) квитанцию об уплате сбора за государственную регистрацию маломерных судов по месту постоянного жительства (прописки); 4) технический паспорт судна заводской постройки и технического паспорта двигателя с отметкой торгующей организации об их продаже, а для судов индивидуальной постройки или переоборудованных – документов и технической документации на постройку судна, соответствующей нормативам и техническим требованиям уполномоченного органа. Документы должны быть составлены на государственном и русском языках;

В оказании государственной услуги может быть отказано в случаях, если:

- 1) с заявлением о государственной регистрации обратилось ненадлежащее лицо;
- 2) не соблюдены требования, предусмотренные Правилами.

В случаях, если потребитель не обратился за получением документов в срок, ЦОН обеспечивает их хранение в течение 1 месяца, после чего передает их в регистрирующий орган.

Государственная услуга предоставляется: шесть дней в неделю, за исключением воскресенья и праздничных дней, в соответствии с установленным графиком работы с 9.00 часов до 19.00 часов, без перерыва на обед.

Н.Турманов,
и.о.руководителя филиала Нуринаского района
РГУ «ЦОН» Карагандинской области

Жарайсындар, 2006-ның түлектері!»

Кеше ғана мектеп табалдарың аттаған бүлдіршіндер едік
Есімде әлі, кез алдымда сол бір сәт
Қасымызда анамыз қалғандардың бәрі жат.
Бүлдіршінбіз әдемі, қолымызда гүл шоғы,
Сол бір сәтте қонған екен басқа бақ.
Өліппені қолға алдық күлімдеп
мақсатымыз әріп тану болды тек.
Мақтаншыпен сонда айттық бәріміз.
Санау білем 1ден 100-ге дейін деп.

Өмірде болып жатқан жаңалықтардан мүлдем бейхабар болатынбыз. Алтын ұямыздың есігі бізге айқара ашылғаннан кейін, білім нәрінің дәмін татып, бір-бірімізбен таныса, араласа бастадық. Міне, осы сәттен бастап бәріміз бір жанұяның балаларына айналдық десем де артық болмас. Әр баланың өзіне ғана тән мінез – құлқы, әдет – дағдысы бар болатын. Біздің сыныптың оқуға деген ынтасы, құлшынысы елден ерекше жақсы еді. Бірімізден – біріміз озат болуға қашанда тырысатынбыз. Есейген сайын достығымыз нығая түсті.

Уақыт, деген жылжып жатты білінбей

Өмір бізді есейтіпті сездірмей.

Мектепті де тәмамдадық ақыры,

Жақсы болып, жамандықты көзге ілмей.

Ыстық ұямызбен қатар аяулы ұстаздарымызбен қоштасатын сәт келіп жетті де, қимастықпен қоштасып, үлкен өмірге қадам бастық. Білім іздеп сан тарапқа кеттік. Оқу оқып, еңбек етіп өмірге бел шешіп араласа бастадық. Бірақ, арамыздағы достық қылы үзілген емес, одан бетер жаңдана түсті.

Бір мамандық иесі болып, өзіміздің сүйікті ісімізбен айналысудамыз. Осының барлығы қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтырмай, бағып-қаққан ата – аналарымыз бен білім теңізінде, мектеп кемесінде жүзуге үлкен септігін тигізген аяулы да, ардақты ұстаздарымызға мың алғыс!

5 жылды артақ тастап, алтыннан ардақты, күмістен салмақты мектебімізбен қайта қауыштық. Мектеппен қоштасқан сәтте көзде жас, көңілде мұң болып, әлі қанаты қатаймаған балапан едік. Бүгін, мектебімізге қайта оралдық. Осындай енегелі, кейінгі сыныптар үлгі аларлық ұйымшыл болған достарым, достықтарым мәңгілік болсын!

Г.Каймухаметова,
2006-ның түлегі

Сәт сапар, ақ жол сізге, жас түлек!

Менің де қолыма қалам алып, ауданымыздың айнасы, көпшіліктің көңілінен шыққан басылым – «Нұра» газетіне ойымдағыны ортаға салмағанымна біраз уақыт өтті. Тіптен біраз таныстарым, жазғандарыңды жиі оқушы едік, көптен газет бетінен кермей қалдық қой деп жатыр. Өмірдің күйбең тірлігімен жүргенде, қолым босамай кеткен болар. Көбінесе ауыл тіршілігін жазар болғандықтан, қолыма көптен қалам алмасам, ауылымыз бір күйі тіршілікпен жүріп жатыр деген ой болмасын. Жақсы жаңалықтар, игі шаралар, өмірдің өзі енгізіп жатқан өзгерістер жатғасын табуда.

Қыстың қаһары келіп, күлімдеген көктем күндерінде ауылымыздың әр ауласы абаттандырылып, аптасына міндетті түрде сенбілік өткізіліп, бірнеше жылдан бері жатып қалған қоқыстардан ауылымыз тазартылды. Жинақылыққа, тазалыққа ұмтылған ауылдастарым көктемгі бау-бақша егумен, шаруа қожалықтары егіс науқан жұмыстарымен айналысуда. Қарап жүрген жан жоқ деп айтуға әбден боларлық. Десек те, осындай жұмысбастылыққа қарамастан, 25 мамыр күні ауылымыздағы К.Мыңбаев атындағы орта мектеп ауласына кісі көп жиналды. Бәрі де бүгінгі күні мектеп бітіруші жас түлектерге арналған – «Соңғы қонырау» мерекесіне жиналғандар. Тәңертеңімен аспанды бұлт торып, ауа-райы жылы қабақ танытпай тұрды. Мен де осы мерекеге дайындалушы кептің ішінде жүргендіктен, бәріміз күн райын берсе екен деп тіледік. Өйткені, мектебімізде арнаулы акт залы жоқ, әртүрлі мектеп өтетін спорт залына осыншама кісі сыймас еді және іші суық. Кептің тілегі көкке жеткен болар, мереке басталар кезде жадырап күн кезі көрінді. Қуанып қалдық, осындай көтеріңкі көңіл күймен «Соңғы қонырау» мерекесі де басталды.

Мектеп ауласына мемлекетіміздің кек байрағы салтанатты түрде енгізіліп, еліміздің ән ұраны орындалды. Бүгінгі мерекенің жүргізушілері – Н. Шахметов, И.Горная өздеріне жүктелген қызметтеріне кірісіп, ортаға 2011 жылғы мектеп бітіруші – 15 жас түлекті шақырды. Өсем безендірілген ауладағы сахна төріне биылғы мектеп бітіруші – түлектер кепшіліктің қошаметімен келіп орын алды. Мектеп директоры – А.Рахматуллин жалпы мектеп оқушыларын бүгінгі соңғы қонырау мерекесімен құттықтап, жас түлектерге сәт сапар тіледі. Сөз кезегі – қарт ұстаз, ауылымыздың ардагерлер кеңесінің төрағасы – Т.П.Кошечевке берілді. Ол кісі өзінің құттықтау сөзінде, жастар – еліміздің ертеңі сіздер, сондықтан биік жетістіктерге жетіп, еліміздің арқа сүйер азаматы болыңыздар деген тілек білдірді. Құттықтау сөз кезегі – аудандық білім беру бөлімінің бас маманы – Ж.Имашевқа берілді. Ол кісі бүгінгі мерекемен жиналғандарды құттықтап, жас түлектерге ақ жол тілеп, спорттың аудандық, жылдық көрсеткіштері бойынша, I – жүлдегі орынға ие болған мектебімізге ауыспалы кубокты салтанатты түрде табыс етті. Иә, мақтануға тұрарлық, біздің мектеп оқушылары спорттың әр түрінен аудан бойынша жақсы жетістіктерге жетіп жүр. Дене шынықтыру пәнінің мұғалімі – А.Жұматаев айтқандай, осы жеткен жетістіктеріміз сіздердің арқаларыңыз, әсіресе биылғы жас түлектер арасында спортқа жақын жүргендеріңіз бізге қуаныш және мақтансыз. Атап өтсек Н.Есенов, Н.Байжанова, Г.Махмұтқызы, Н.Болатова, Е.Пашкин, А.Еділбаев, М.Жайтыбеков – осы оқушыларға II-III дәрежедегі спорттық разряд берілді. Аудандық білім беру және дене шынықтыру бөлімінің алғыс хатымен аудандық спорт шараларына белсене қатысқаны және салауатты өмір салттын насихаттауға қосқан үлесі үшін – А.Жұматаев марапатталды.

Аудандық балалар мен жасөспірімдер мектебінің мақтау қағазы – жасөспірімдер мен ауыл жастарын спортқа баулығаны үшін – С.Есеновке берілді. Мектеп әкімшілігі тарапынан үздік және жақсы оқығандары, спорт шараларына белсене қатысқандары үшін, мектеп өміріне жақсы ат салысқандары үшін көзге түскен оқушыларға мадақтама хаттар табыс етілді. Мектебіміздің 1-сынып оқушылары өлең оқып, ән салып, би билеп – өз өнерлерін биылғы жас түлектерге арнады. Сынып жетекшілері – Қ.Бұланбаева, М.Белан.

Әсіресе Қ.Бұланбаеваның оқушылары өздерінің аға-әпкелеріне ойын-шыны аралас әдемі калжыңмен берген мінездемелері сәтті шықты. Сонан соң Б.Әбілдабекова, Ә.Бейсейуовтың әніне жазған өлең жолдарының сүйемелдеумен ортаға ата-аналар шығып, кешегі кішкене сәбилері – бүгін қолдарында жеке кәсіпкерлері бар, еліміздің заңды тұлғалы азаматы атанған, балалық бал дәурен сезімдерін мектеп қабырғасында қалдырған ұл-қыздарын әдемі би-вальске шақырды. Жас түлектердің толқып, қимас сезімде тұрған сәттерінде ортаға сынып жетекшілері – Г.Сыздықова, Г.Алин, Е.Голуб шақырылды.

Жас түлектерге жүрек түбіндегі игі тілектерін арнаған ұстаздар да, сөз соңында сәт сапар тіледі. Биылғы «Соңғы қонырау» мерекесін жылдағыдан өзгеше, есте қаларлықтай өтуіне сүбелі үлес қосқан – Г.Сыздықова өзінің түлектеріне деген қимас сезімін жасыра алмай, көңіл төбіренерлік күйде болды. Ұстаздар қауымына алдарыңызға тарыдай болып келген бүлдіршіндерге бойларыңыздағы білімдеріңізді, ойларыңыздағы тәрбиелеріңізді бергендеріңіз үшін мың алғыс! Мерекенің соңғы қонырауын соғу құрметіне – жақсы сабақ үлгерімімен, үлгілі тәртібімен алда болған жас түлек – Н.Есенов және 1 сынып оқушысы Д.Гаврилащенко ие болды. Сәт сапар, ақ жол сізге жас түлек 2011! Сіздер биыл еліміздің тәуелсіздігінің 20 жылдық мерейтойы қарсаңында үлкен өмірге жолдама алдыңыздар, бұл сіздерге үлкен жауапкершілік сезімін жүктейді. Биік армандарды қанат қылып ұшқан қанаттарыңыз талмасын!

«Сен де бір кірпіш дүниеде,
Кетігін тап та, бар қалаң, деген
Ұлы Абай аталарыңның нақыл сөзі, сіздерге өмірлік шамшырақ болсын!
Ырымшыл халықпыз ғой, сәрсенбінің сәтінде үлкен өмірге аттаған.
Қадамдарыңызға гүл бітсін!

Б.Ескермесқызы,
К.Мыңбаев ауылы

Талдысайға – 50 жыл

1961 жылы біздің ыстық ұямыз Талдысай ауылы құрылған болатын. Еңсесі биік, өрісі кең Талдысай ауылынан қаншама беделді ер азаматтар, азаматшалар шықты десеңізші. Осындай қонақжай, ақ жарқын халық қоныстанған елімізге 50 жыл толып отыр. Мектебіміздің оқушылары ауылымыздың мерей тойына жыр шумақтарын арнайды.

Туған өлкем – Талдысай!

Зымырап келе жатыр өмір күнде,
Өзендей ағып жатыр өмір лезде.
Гүлдей нәзік, таудай биік ауылыма,
50-жыл толып жатыр шілде айында.

Ауылымның таза ауасы мұңкіген.
Ауылымдай жер болмас ешқашан да,
Туған жерім Талдысай бұл өңірде.

Сол ауылда туып-өстім, тәй-тәй бастым,
Асыр салып ойнадым кешелі мен.
Сыры мен қойлары, жылқылары,
Келіп жатыр ауылымның шет-шетінен.

Туған жер

Талдысайым мекенім.
Шырқайтуғын өлеңім.
Балалармен ойнаймын,
Қанғанымша қоймаймын.
Бұл жер жұмақ мен үшін,
Асыр салып, ойнаған.
Ыстық жері, самалы,
Туған жерге не жетсін?

Касенова Тоғжан,
4-сынып оқушысы

Табиғаты ерекше жеріменен,
Ең киелі жануар киікпенен.
Ауылым ұзақ өмір сүрсе деумен,
Жазамын өлең – шумақ жеріме мен.

50-жыл толды, аяулы ауылыма.
Ер жеттім қасиетті Отанымда.
Бөбегімдей әлпештеп, құрметтеген,
Талдысай – Отаныма жер жетпеген.

Жүнісова Айгүл,
8-сынып оқушысы

Ауылым

Кешке қарай сиырлары мәңгірен,

«Балдәурен» жазғы сауықтыру лагері

Балықтықөл негізгі мектебінде маусым айының алтыншы жұлдызынан бастап «Балдәурен» жазғы сауықтыру лагері өткізілуде. Лагердің негізгі мақсаты жазғы демалыс кезінде балалардың бос уақыттарын тиімді пайдаланып, құқық бұзушылыққа жол бермеу. Лагерге ата-аналармен оқушылардың қызығушылығы күннен күнге артауда. Мектебіміздің шағын болғанына қарамастан аудандық оқу бөлімі балаларға түскі ас мәзірін берді.

Маусым айының алтыншы күні «Балдәурен» жазғы сауықтыру лагерінің ашылу салтанаты өтті. Лагердің ашылу салтанатында мектеп директоры Оспанов Н.Х. оқушыларды лагердің ашылу салтанатымен құттықтап, балаларды машықтанушы Ұпрактикантқ Теребеков Исламмен таныстырды. Маусым айының сегізінші жұлдызында қазақ тілін дәріптеу мақсатында «1001 мақал, 101 жұмбақ» сайысы өткізілді. Сайысқа ата-аналар қатысып, лагерьіміздің ары қарай дамуына игі тілектерін білдіріп, ауыл ақсақалдары батасын берді.

Қорыта айтқанда «Балдәурен» жазғы сауықтыру лагері алдағы уақытта өз жалғасын тауып, балалардың денсаулықтарына, өмірге деген көзқарастарына, тәртібіне, спорттық іс-шараларға, біліміне өз ықпалын тигізери хақ.

Ж.Кұлмағанбетов,
лагерь жетекшісі



Информирвет РОВД

Как противостоять угрозе изнасилования

Анализ показывает, что наиболее криминогенными участками подростковой преступности остаются такие населенные пункты, как п. Киевка и с. Тассуат Нуринаского района Карагандинской области.

30.07.2010 года в 20.00 часов в ДЧ ОВД Нуринаского района поступило сообщение по факту изнасилования несовершеннолетней О.С. 1998 г.р., проживающей п. Киевка. По приезду СОГ на место происшествия факт подтвердился. Было установлено, что несовершеннолетний Л.Т. 1995 г.р. проживает п.Киевка, в районе разрушенных построек п. Киевка с целью удовлетворения половой страсти, с применением угрозы, насильно совершил половой акт с несовершеннолетней О.С. 1998 г.р., против ее воли. В ходе расследования преступления было установлено, что совершил его несовершеннолетний Л.Т. 1995 г.р., уч-ся п. Киевка. Несовершеннолетний проживает в полной семье. Данный факт был зарегистрирован в КУЗ ОВД Нуринаского района. По данному факту возбуждено уголовное дело по ст. 120 ч 3 п. «в» УК РК.

04.05.2011 года в Межрегиональном специализированном суде г. Караганда по особо тяжким преступлениям состоялось закрытое заседание в отношении несовершеннолетнего Л.Т., 1995 года рождения, которого приговорили к 8 годам лишения свободы общего режима по ст.120 ч 3 п. «в» УК РК.

Несмотря на суровые меры наказания, которыми караются изнасилования, число этих преступлений против личности не только идет на убыль, но и растет. Жертвами преступлений обычно становятся те, кто по тем или иным причинам не способен оказать сопротивление преступникам: малолетние, физически слабые, излишне послушные, безвольные, а также те, кто провоцируют посягательства со стороны мужчины своим легкомысленным, неосмотрительным поведением. Потерпевшие нередко ведут себя крайне неосмотрительно: распивают алкогольные напитки с незнакомыми мужчинами, послушно следуют за ними в безлюдное место; не проявляют разумной осторожности. Вот типичная ситуация – группа незнакомых мужчин предлагает девушке подвезти ее на автомашине и та соглашается.

Вообще подавляющее большинство изнасилований происходит вечером или ночью, при этом весной и летом почти вдвое чаще, чем зимой. Одна треть преступлений была совершена в квартире (собственной родственников, потерпевшей).

Предлагаю несколько рекомендаций, как вести себя, чтобы не стать жертвой преступления:

- если Вы одна в доме (квартире), никогда не открывайте дверь до тех пор, пока не убедитесь, кто за ней стоит. Не стесняйтесь спросить документы перед тем, как открыть дверь у ремонтных рабочих, почтовых работников и т. п.
- никогда не держите поблизости и на виду вещей, которые могут быть использованы как оружие;
- ходите по хорошо освещенным местам. В темных и плохо освещенных кварталах ходите по середине улицы. Избегайте ходить рядом с зарослями кустов и аллеями;
- если какая-нибудь машина начинает медленно двигаться рядом с Вами, перейдите улицу или начните идти в противоположном положении;
- если Вы чувствуете, что кто-то преследует Вас, не стесняйтесь повернуться и проверить Ваши подозрения. Будьте осторожной. Осторожность – не малодушие и не трусость. Чтобы проверить подозрения, попробуйте менять темп ходьбы или перейдите улицу.
- нападающий на Вас надеется найти в Вас пассивную жертву, поэтому любое усилие с Вашей стороны застигнет его врасплох и даст Вам время для бегства;
- встречаясь с новым приятелем, будьте на виду у других людей, пока не узнаете его достаточно хорошо и не сможете ему доверять.
- будьте трезвыми. Старайтесь держаться подальше от лиц, чрезмерно увлекающихся алкоголем или употребляющих наркотики. В любом случае они – плохие друзья;
- с самого начала дайте ясно понять знакомому, где для Вас пролегают границы дозволенного. Не дожидайтесь того, когда он заключит Вас в объятия на своём диване.
- довольно безрассудно отправляться куда-либо с незнакомым парнем, «подцепив» его на дискотеке или в другом месте встреч молодежи, по сути, такой флирт чреват многими опасными последствиями. Не позволяйте мгновенным порывам влиять на Ваши решения. Если Вы собираетесь пойти на свидание с человеком, с которым познакомились таким образом, позаботьтесь о собственной безопасности во время этой встречи;
- подручными средствами защиты могут стать:
1. горящая сигарета – следует направить в открытую часть тела;
2. ручка или карандаш – можно ткнуть в область лица;
3. аэрозольный тубик – брызгать в направлении лица;
4. зонтик – использовать для прямого удара, никогда не размахивать. В этом случае у Вас легко его выхватить;
5. металлическая расческа, высокие каблуки, булавки от шляпы – также очень эффективно.

Ж.Рахматулина, УИП ГДН ООБ ОВД Нуринаского района, лейтенант полиции

«Нұра ауданы бойынша салық басқармасы» Сіздер салық басқармасы қызметкерлерінің мемлекеттік қызметшілердің Ар-намыс кодексінің нормаларын, мемлекеттік қызмет туралы, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заңдарды бұзу фактілері жөніндегі ақпаратты 22-2-84 телефоны бойынша хабарлай аласыздар.

Жүрекке жылу құйған ізгі іс

Үстіміздегі айдың яғни мамырдың 7-сі күні Кертінді ауылымызда адамзат баласына ой салатын, есте қаларлық іс-шара болғанын үлкен ризашылық сезіммен жеткізім келеді. «Жақсының аты өлмейді» - деген барғой, бауырым Құрмашов Әрмия ақ көңіл, қарапайым еңбекқорлығымен, елгезек, жаппылдап тұратын ер азамат еді. Он екі мүшесі сау, азаматтың шахта «Шахтинская»-да болған жарылыста қаза болғаны, Әрмиядан баста 22 шахтер қаза болды артында қалған туғандарын барша халықты есеңгіретіп таста еді. Адам баласы не нәрсеге болса да көңілді ғой. Ол алғашқы жарылыс болса одан кейін қаншама жарылыс қайталады. Әрмия бауырымының жылын берген соң осы қайғыны көтере алмай стрестен бойындағы сырқаты асқынып сіңілім Рабиға қайтыс болды, тағдырдың жазуы солай шығар, сіңілімнің жылынан соң бауырым Айдарбек қайтыс болды. Аллаһ қолдап, халқым түсінікпен қарап отырғанда неге бұның бәрін айтып жазбасқа... Осыншама іштегі қайғыны тарқатуға жол ашып себепкер болған ауылымыздың азаматы Биженов Нұрболат Әміртайұлы мен жұбайы Рахимбекова Тәттігүл Сейітқызына ерекше ризашылығымды айтқым келеді. Осы Нұрболат Әміртайұлының бастауымен 7-ші мамыр күні ауылымыздың Мәдениет үйінде кенеттен қаза болған жолдастары Құрмашов Әрмия Кеңесұлы, Сүлейменов Дулатбек Әшімұлы, Шаяхметов Нұркенді еске алуға арнай қазақша күрестен жарыс өткізіліп, одан мектебіміздің асханасында ас беріліп дуға оқылды. Астана, Қарағанды, Шахтинск қалаларынан, ауданымыздан, ауылымыздан халық жиналды. Ауылымызда бұрын болып кермеген осы бір ізгі шара басылып қалған еңсемізді бір кетеріп тастады. Мен айтар едім: мұндай іс-шара екінші бірінің қолынан келе бермейді-деп. Адамның күні адаммен деген осы шығар. Нұрболаттың сөзін жерге тастамай оның ойын қолдап қол ұшын берген, балалы-шағалы болсада уақыт тауып келген осы марқұмдардың жора-жолдастарына, қыз-келіншектерге мың да бір алғыс.

Халық болып, ел болып жалпы адам болып бір-бірімізге сүйеу болып жатсақ одан асқан бақыт, одан асқан қуаныш барма. Өмірдің мәні де сәні де осы емеспе. Осындай жастарға үлгі боларлықтай, тәрбиелік мағынасы бар істерді бастай алатын бас кетерер ер азаматтарамыз кеп болса екен. Сіздерге алла разы болып, әрқашанда жолдарыңыз ашық болып, алла алдындағы аруақ алдындағы істеріңіз сауаптан болсын.

Қаза болған отбасылардың атынан

Құрмашова Жәния, Кертінді ауылы

Құттықтаймыз!

Заречный ауылының тұрғыны аяулы өкеміз Тұрманов Тайкен Құбдықұлы 70 жасқа толған мерейтойымен құттықтаймыз. Деніңізге саулық, ұзақ ғұмыр, отбасыңызға береке-бірлік, бақыт пен молшылық тілей отырып, мына өлең жолдарын өзіңізге арнаймыз.



Жан өке құтты болсын 70 жасың,
Өрқашан төрде болсын алтын басың.
Ұрпағыңа жасаған ұлағатың,
Тат бастайтын алмастай жарқылдасын.
Немерелер аталап келе берсін,
Ұрпағың соңыңыздан ере берсін.
Анамызбен екеуіңіз рахатанып,
Қызықтарың Кұдайым бере берсін.

Құттықтаушылар: жұбайы Гүлісім, балалары: Зәуреш, Берік, Қымбат, Нұрсұлу, Айсұлу-Сансызбай, Жүнсұлу, Ерік, Еркін, немерелері: Ғазиз, Мәлика, Әлен, Әсем, Ислам. № 264

Киевка кентінің тұрғыны Түсіпова Рауза Төлеуқызы 50 жасқа толған мерейтойымен құттықтап, зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбасында береке тілейміз.

Ағайын-туыс алдында,
Ақ жарқын болсын көңілін.
Күн өткен сайын жасарып,
Жарқырап өтсін өмірің.



Қуаныш-қызық мол болсын,
Өмірде ыағи жол болсын.
Тілектер де оң болсын.
Денсаулығың зор болсын!

Құттықтаушылар: жолдасы Мұрат, баласы Нұрбол № 263

Поздравляем с Днем рождения!

Бондаренко Наталью Леонидовну из села им.Карима Мынбаева



Здоровой быть всегда желаем,
Пусть солнце светит вечно Вам,
Пусть Вас минуют все ненастья,
Желаем бодрости и счастья.
Пусть дом Ваш будет полной чашей,
А Вы в нем молоды душой,
Пусть сбудутся желанья Ваши
Сияйте вечной добротой.

С наилучшими пожеланиями: муж, дети, внушки. № 266

К 20-летию Независимости Республики Казахстан

Нуринаский учебный комбинат фирма ТОО «АЛМАС-XXI» объявляет акцию на единственную группу льготного обучения категории «В» и «ВС», предусматривается рассрочка и 50 % оплаты, возможен бартер.

Для обучения водителей имеются следующие автомашины: ВАЗ 2108, Mercedes-Benz 190, ГАЗ-52.

Свидетельство о государственной регистрации юридического лица № 1271-1930-ТОО. Обращаться по адресу: п.Киевка, ул.Талжанова,12, телефон: 22518, сотовый – 87011563596, 87054147585. № 241

На кирпичный завод в селе Рождественка на постоянную работу требуются разнорабочие:

- Садчики кирпича (рабочий вручную берет с тележки высушенный сырец кирпича и распределяет его внутри печи). Зарплата 60-70 тысяч тенге в месяц в зависимости от плана, если выполнена норма ежедневной выработки на бригаду. Оплата рабочих производится ежедневно, еженедельно, каждые 10 дней или к концу месяца в зависимости от договоренности с бригадиром. Выходной - один раз в неделю по скользящему графику.
- Выставщики кирпича (рабочий вручную снимает готовый кирпич и складировует на поддоны). 2 поддона – 350 штук кирпичей, ежедневная норма – 12 поддонов, стоимость одного поддона – 200 тенге, зарплата в месяц 60-63 тысячи тенге, расчет ежедневный или еженедельный. Старший мастер Сеитов Канат, тел.: 87015593512.
- Просто рабочий – толкать тележки, подгонять вагонетки, подавать деревянные рамки, подметать, помогать на месте. Зарплата 40 тысяч тенге ежемесячно, в неделю один раз выходной. Старший мастер Сеитов Канат, тел.: 87015593512.
- Механик по оборудованию, желателен специалист (зарплата договорная).
- Мотористы (ДВС вилочные погрузчики, ремонт дизельных двигателей, КамАЗа, Т-25), нужен очень грамотный специалист, з/п от 80 до 110 тысяч тенге.
- Водитель-погрузчик ЗЛ-50, з/п 80 тыс.тенге, экскаваторщик ЭО-5126 – з/п 80-100 тыс.тенге.
- Механизаторы – трактористами на Т-25, Т-16 или же слесарями по ремонту тракторов, ЮМЗ.
- Бульдозеристы на Т-130 (нужен специалист, который может разобрать и собрать технику, запчасти покупает), требуется умение конусовать и гуртовать глину, делать планировку на участке, з/п от 80 до 100 тыс. тенге, выходной – суббота и воскресенье.
- Слесари (ремонт оборудования) з/п 60-80 тыс.тн., электрики (обслуживание завода), з/п 80 тыс.тн.
- Водители КамАЗ –совки, з/п 60-80 тыс. тенге (работа на территории завода, нужны люди пенсионного возраста: отработал, получил и отдыхай. Длинномеры – з/п около 100 тысяч тенге (рейсы в город).

На сегодняшний день из числа местного населения на заводе работает около 50 человек, из них меньше года работает человек 15. Не менее 3-х разовое питание (готовят местные женщины) имеется общежитие, душ (жилье там неважное, в планах - постройка нового общежития). Зарплата заводу оплачивается ежемесячно в 20-25 числа. Выдаем авансы, размер зависит от отработанных дней, в основном по ходатайству мастеров, механика и т.д. В целом по заводу размер зарплаты зависит от того, насколько квалифицированный специалист, на одном участке могут работать два человека, один получает 60 тыс., другой - 80 тыс., подход к каждому индивидуальный.

Прием на работу происходит следующим образом: рабочий приходит на КПП, охрана приглашает мастера (зависит от участка), после беседы идет осмотр рабочего места и при обоюдном согласии происходит трудоустройство с испытательным сроком, обозначается размер заработной платы (от 40 до 100 тысяч тенге в месяц). Вы должны понимать, что предприятие это частное и все зависит от выработанной продукции, поэтому устроиться и бить баклуши - не получится. Вы пришли работать и зарабатывать, мы оплачиваем. Работайте и получайте свои деньги.

Желающим устроиться на работу при себе иметь пакет документов, основное требование - без вредных привычек.

Контактные телефоны: диспетчер: 92-4-84, сот.: 87028427360; автотранспортный участок – механик Ибраев Нуржан, сот.тел.: 87025951744; электромеханик – Распаев Марат: сот. тел.: 87025650606.

с/Ф №23